

Компьютерлік лингводидактикадағы тілдік семантикалық код

Компьютерлік лингвистиканың зерттеу мақсаты – ЭЕМ-да қарым-қатынас жасау үшін жасанды тілдердің құрылуымен байланысты компьютерлік технологияның лингвистикалық мәселелерін шешу, бағдарламаларды лингвистикалық құралдармен қамту, мәліметтер жиынтығын құру, түрлі сөздіктер мен глоссарийлер құрастыру, мәтіндерді өңдеу алгоритмі, тілдік семантикалық кодын ескер отырып, түрлі тілдік үрдістерді үлгілеу.

Компьютерлік лингвистика ерекше ғылыми бағыт ретінде ХХ ғасырдың 60-жылдары пайда болды. Стэнфорд және Нью-Йорк университеттерінде (АҚШ) алғаш рет тілдерді ЭЕМ-да оқытудың алғышарттары жасалған. Дәл осы жылдары «табиғи тілдерді өңдеу» атты қолданбалы бағыт пайда болды. Компьютерлік лингвистика мәселесі тар мағынасында «жасанды интеллект» ғылыми-техникалық пәні аясында дамыды. «Табиғи тілдерді өңдеу» сөз тіркесі компьютердің тілдік мәліметтерді өңдеу үшін қолданылатын барлық салаларын қамтиды.

Шет елде 70-жылдары ЭЕМ-ді тілді оқыту үшін ендіру мәселесі Батыс Еуропаны, Жапонияны және Латын Америкасы елдерінің қызығушылығын тудырды. Ресей және ТМД елдерінде есептеу техникасын ана тілді және шет тіліді оқыту үшін қолдану өткен ғасырдың 70-80-жылдары қолға алынды. К.Р. Пиотровская жазып кеткендей, алғашқы жылдары оқытудың қағаздағы құралдарының электронды бейнесі ғана беріліп келді, компьютерді қолдану оқытушының имитациясына бейімделген еді. 80-жылдардың ортасында тілдерді үйретуде компьютерлік қолдау мәселесімен айналысатын ғылыми бағыт – Computer Assisted Language Learning қалыптасты. Оның аясында халықаралық ақылдасулар мен компьютерлік лингвистика мәселелері бойынша конференциялар ұйымдастырылды. 80-90-жылдар соңына қарай компьютердің техникалық мүмкіндіктері компьютермен оқыту бағдарламаларының негізгі ерекшеліктері – матриал көлемінің шағындығы, грамматиканың бір немесе бірнеше бөлімдеріне сәйкесуі, бір сызықтылығы. 90-жылдардың екінші жартысында компьютерлер мен телекоммуникациялық құралдардың жаңа түрлерінің пайда болуымен лингвистикалық ақпараттық орта кеңістігін кеңейту мақсатында мультимедиялық технологияға негізделген бағдарламалар жасалды. Мультимедиялық технологияның түрлі формадағы (мәтін, дыбыс, видео, анимация) үлкен көлемдегі оқу ақпараттарын біртұтастыққа біріктіру мүмкіндіктері қысқа мерзімдерде бірінші толқын локалды бағдарламаларынан қазіргі аралас оқыту кешеніне өтуге мүмкіндік береді [1;35].

Қазіргі ақпараттық технологиялар дәуірінде қолмен жазудан көрі компьютер арқылы жазу немесе дайын интернет басылымдарын пайдалану

басымдылық танытуда. Интернет арқылы өзара әрекеттесу мен шешім қабылдаудың өзі өмірлік қажеттілікке айналуда. Білім алушылардың білім алу үдерісінде, оның ішінде жазуға деген қызығушылықтың төмендеуі білім алушылар үшін күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Ғалым В.Н.Мясищевтің дәлелдеуінше, адам қызметінің нәтижелері оның интеллектіне 20-30% және 70-80% уәжділік күштерге ғана тәуелді болады екен. Осындай қажеттілік жазуды үйренуге деген ынтаны арттырудың тиімді жолдары мен құралдарын дамыту мәселесінің өзектілігін анықтайды. Тіл - адамзат қоғамының барлық іс-әрекет түрлеріне қызмет ететін адамдар арасындағы қарым-қатынастың маңызды құралы десек, қарым-қатынас тікелей жеке әңгімеде де, өзара хат алмасуда да, жанама түрде де - кітап, теледидар, радио, газет арқылы жүзеге асуы мүмкін. Жазу - бұл жазбаша мәтінді қалыптастыру және бекітуге байланысты өнімді аналитикалық және синтаксистік қызмет. [1;47]. Жазбаша тілді үйренудегі қиындықтар ең алдымен оның психологиялық күрделілігімен байланысты. Ауызша сөйлеуді меңгеру үшін қажет барлық жүйке-ми байланыстарын қоса алғанда, жазбаша сөйлеу бірқатар қосымша ассоциацияларды құруды қажет етеді. Сонымен, оның көмегімен ауызша сөйлеу жүзеге асатын есту-сөйлеу-қозғалтқыш байланыстарына, жазу кезінде көрнекі-есту және сөйлеу-қозғалтқыш, мотор-графикалық байланыстар қосылады.

Оқытудың компьютерлік формасы кезінде оқытудың барлық негізгі заңнамалығы сақталады, оның ішінде дидактикалық қағидаттарда көрінетін жалпылары. Компьютерлік лингводидактика жеке қағидаттары келесіде көрсетіледі:

- шарттамалық қағидаты: оқытудың кезеңі, мақсаты және мазмұнына, сонымен қатар оқытудың қолданатын әдістемесін байланысты компьютерді қолдану шартын нақты анықтау;

- қажеттілік қағидаты: белгілі параметрлер бойынша оқу үрдісінің тиімділігін арттыруға көмектесетін жағдайда ғана компьютерді қолдану;

- ақпараттылық қағидаты: компьютердің артықшылықтарын оқу үрдісінің анықтамалық- ақпараттық қамсыздандыру құралы ретінде ашады, себебі компьютер аз уақыт ішінде максималды ақпарат алуға мүмкіндік береді. Оқытудың техникалық құралдарының арасында компьютер шет тілін оқытудың ақпаратты-сөйлеу сипатына сәйкес келеді;

- сенімділік қағидаты: оқыту үшін әр компьютерлік бағдарламалардың эксперименталды тексерістерін өткізу қажеттіліктерін көрсетеді, сонымен қатар компьютерді қолдану арқылы сабақтың ұйымдастыру дайындық кезеңінің болуы. Электронды оқулық жұмысының үш негізгі құрылымын бөліп көрсетуге болады:

- 1.Тексерусіз оқыту.

- 2.Тексерумен оқыту, әр тараудың соңында білім алушыға материал меңгеру деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін бірнеше сұрақтарға жауап беру ұсынылады.

- 3.Тесттік бақылау, баға қою арқылы білімнің қорытынды бақылауына арналған [2;45].

Басқа да күрделі жүйелерді құрастырғандай, электронды оқулықты дайындауда сәтті болуға автордың шеберлігі мен таланты — кепіл. Дегенмен электронды оқулықтардың тұрақты формалары бар, нақты айтқанда, оқулық құрайтын конструктивті элементтер.

Тест - электронды оқулықтың жай түрі. Негізгі күрделілігі болып сұрақтардың таңдалуы мен тұжырымалуы табылады, сонымен қатар сұрақтарға жауаптың интерпретациясы. Жаксы тест білім алушы белгілі пән аясында білімнің, іскерліктің және дағдының объективті көрінісін алуға мүмкіндік береді.

Электронды оқулықта тапсырмалар жинағы оқыту функциясын табиғи түрлі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бастысы, электрондық тапсырмалар жинағында — дозаланған көмек. Тапсырмалар таңдауда қарама-қайшы тиімділген мәселені шешуге тура келеді. Бір жағынан, әр тапсырма белгілі теориялық материалдарды меңгеруге дозалық көмек арқылы кепіл болуға және ашуға тиіс және электронды оқулық арналған білім алушылардың әрқайсысының күшіне сәйкес болуы керек. Басқа жағынан, тапсырмалар саны студенттерді қорқытпауы керек және өздеріне сенімділіктерін жоғалтқызбаулары қажет.

Сонымен қатар қазіргі заманда басты мәселе сапалы электронды оқулықты жасауда еңбектің көп жұмсалыуында және ақпараттық емес циклді оқытатын оқытушылардың өздігінен электронды оқулықты жасауға жеткілікті квалификацияның жоқтығы болып табылады. Шет тілін оқытудың тиімді нәтижесіне электронды және дәстүрлі оқу-әдістемелік кешенді интеграцияны қолдану барысында қол жеткізетініміз анық. Шет тілдік сөйлеу өзара әрекетіне тілдік емес факультеттегі студенттерді оқыту барысында оқу үрдісі сөйлеу интеракциясын оқытуда электрондық оқулықты қосымша құрал ретінде қолданудан құралады.

Резюме

В статье рассматривается языковой семантический код в компьютерной лингводидактике. Также рассматривается пути составления различных словарей и глоссариев с помощью программ лингвистических инструментов.

Пайдаланғанылған әдебиеттер тізімі:

1. Маккьюин К. Дискурсивные стратегии для синтеза текста на естественном языке. – Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXIV, Компьютерная лингвистика. М.1989.
2. Методика использования электронного учебника на уроках // Школа успешного учителя:
<http://edu-lider.ru/metodika-ispolzovaniya-elektronnogo-uchebnika-na-urokax>
- 3.Эльконин Д.Б. Некоторые вопросы психологии усвоения грамотности, //Вопросы психологии, 2006, №5
- 4.Пассов Е.И. Урок иностранного языка в средней школе. - М.: Просвещение, 1998.- 67с.